

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ

АҚЫНОВА ЛӘЗЗАТ АЙТЖАНОВНА

Б.ғ.к., аға оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент/Қазақстан. e-mail: lyazzat_akynova@mail.ru

ДОСКАРАЕВА ГАУХАР МУКТАРОВНА

Магистр, оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент/Қазақстан.

ЕЛМУРАТОВА АЯУЛЫМ СЕРИКРВНА

Магистр, оқытушы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Шымкент/Қазақстан.

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сыныпта жаратылыстану пәнін оқыту қажеттілігі, маңыздылығы сипатталған. Жаратылыстану пәні оқушыларға жаратылыс әлемнің ғылыми түсінігін, күрделі терминдерді меңгеруге дайындығын қалыптастырады және физика, химия, биология, география пәндерінің бастамасын қалайды. Қоршаған ортадағы жаратылыс заттары, әр түрлі құбылыстары, өлі және тірі табиғат, экологиялық мәселелер туралы ғылыми түсініктер дамиды. Жаратылыстану бағытындағы білім адамның көптеген күнделікті істейтін іс-әрекет түрлері үшін маңызды. Оқушыларда табиғи байлықтың мәнін түсініп, оны орынымен, үнемдеп, тиімді пайдалану мүмкіндігі, икемділігі, шеберлігі, бейімділігі білім мен біліктілік арқылы қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларына жаратылыстануды оқыту үдерісінде игерілетін білімді және білікті саналы түрде қолдана білуге, оқуға, жоба дайындауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге машықтанып, олардың дербестігін жетілдіруге бағыттайды. Қазіргі кезеңде оқушылардың белсенді іс-әрекет арқылы өз бетімен білімді игеруі, сабаққа қойылатын басты талап. Оқу үдерісінде білімді игертуде ойын элементтерін қолдану оқушылардың белсенділігін арттыруда қолайлы болып келеді. Сабақтағы нақты оқу мақсаттарынан қол жеткізу кезінде ойын элементтері пайдаланылады, нәтижеге қол жеткізу үшін сабаққа қатысты ойындар жоспарланады. Сабақ барысында оқушылар ойын әрекетінде белгіленген нақты ережелерге бағынады.

Кілт сөздер: Бастауыш сынып, жаратылыстану пәні, адам, табиғат, оқыту әдістері, ойын элементтері.

Кіріспе. Бүгінгі таңда бастауыш сыныпта оқушыны жазу мен оқуға ғана емес, білімге құштарлығын арттырып, сыни ойлау дағдысын, функциялық сауаттылық негіздерін дамытуы маңызды екені белгілі. Бастауыш мектептен оқушыларға жаратылыс әлемнің ғылыми түсінігін, күрделі терминдерді меңгеруге дайындығын қалыптастыру мақсатында енгізілген бастауыш сынып

жаратылыстану пәні, орта буын, жоғары сыныптарда оқытыла бастайтын жаратылыстану пәндерінің бастамасы болып табылады.

Бастауыш сыныптан білім мазмұнын байланыстыра-кіріктіріп оқыту, білімнің ғылыми деңгейін көтеруге мүмкіндік береді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларына тірі табиғат, табиғат физикасы, адам, жер және ғарыш жайында білім беретін, жаратылыстаным негіздерінен түсініктерін дамытуда жаратылыстану пәнін оқытудың түрлі әдістемелік жоларын қолдану тиімді. Бастауыш сыныптағы жаратылыстану пәні арқылы оқушыларға еліміздің әр түрлі табиғаты, биология негіздерінен, химия және география негіздерінің бастамасы қаланады. Нақтырақ айтсақ, жаратылыстану пәнінен игерген ұғымдарын, түсініктерін басқа да пәндерге кіріктіре, байланыстыра оқыту арқылы жаратылыстың бір тұтастығы жайында жүйелі білім негізі қалыптаса бастайды. Балаларда табиғаты тануға қызығушылығының дамуына, қоршаған әлем жайлы ой-өрісін кеңейтуге, ғылыми ұғымдарды қабылдаудың дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалау біліктіліктерін дамытуға көмегін тигізеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Бастауыш сынып оқушыларына қандай пәнді оқытса да ойындарды мүмкіндігінше кеңінен қолдану тиімді болады. Сабақтарда қолданылатын ойындар сабақтың дидактикалық мақсатына сай тиянақты таңдалуы керек. Мұғалімнің жаңа сабақ материалын теориялық тұсын жақсы білуі және дидактикалық материалдарды шебер қолдануы сапалы оқытудың негізі болып табылады.

Әрбір дидактикалық ойын бастауыш сынып оқушыларын білуге үйретіп, тілдік қорын молайтады, ақыл-ой әрекетін дамытады. Сабақтарда тиімді қолданылған ойындар адами қасиеттерге тәрбиелеудің негізгі құралдарының бірі болып келеді. Әр бір ойын элементтері қолданыла ұйымдастырылғын сабақ оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй силап, сабақты меңгеру жеңіл болады. Сондықтан да ойындарды сабаққа арнап таңдауға ерекше көңіл бөлген жөн. Балалар үшін дидактикалық ойын әрі оқу, әрі еңбек. Түрлі ойын элементтерін жаратылыстану сабақтарын оқытуда қолдану, сабақтың тиімділігін, түсініктілігін артыра түседі. Сабақтарда ойынды тиімді қолдансақ оқу үрдісі белсенді болып, сабақ сапасы арта түсетіні сөзсіз. Оқушылардың тіл байлығы жоғарлап, сөз сөйлеуі еркіндеп сөздерді мағанасына сай қолдануы жетіле түседі.

Көп жылғы тәжірибе мен арнайы педагогикалық-психологиялық зерттеулер көрсеткендей, оқытудың тиімділігі қабылдауға адамның барлық мүшелерінің қатысу деңгейіне байланысты. Материал неғұрлым қызғылықты болса, солғұрлым тез қабылданады.

Ойындар жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдаланылады. Дидактикалық ойындарда оқу, танымдық міндеттер ойын міндеттерімен өзара байланысты, сондықтан ойынды ұйымдастыруда сабақта баланы қызықтыратын элементтердің болуына ерекше мән

беру керек: іздеу, күтпеген нәрсе, бір нәрсені шешу және т.б. Педагог ойын-сабақтарында балаларға мақсатты әсер етеді, ойынның мазмұнын, оны өткізудің тәсілдерін ойластырады, дидактикалық міндетті барлық баланың қабылдауына қол жеткізуге талпынады. Мұғалім бағдарлама талаптарын ескеріп, оқу материалын жүйелі күрделендіреді, тиісті іскерлікті қалыптастырады, психикалық үрдістерін (қабылдау, ойлау, тіл және, т.б.) дамытады.

Сабақта ойындарды пайдаланудың философиялық негізіне дүниеде барлық заттың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланысты болуы қорытындалған дүние туралы білімдер де бір-бірімен байланыста болады. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру, білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады (Құрманалиев, 2007: 324). Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат – саналы, білімді, тәрбиелі ұрпақ өсіру. Болашақ ұрпақ-келешек қоғам иесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық адамзат етіп тәрбелеу біздің де қоғамның алдындағы борышы. Бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқытуда ойындарды пайдаланудың тиімділігі жоғары екені белгілі. Сондықтан мұғалім әр сабаққа ұқыпты дайындалып, шығармашылық көзқараспен өз ісіне құштарлығын көрсетеді. Яғни өз ісіне құштар мұғалім – мұғалімдік іс-әрекетті, үйретуді, ізденуді, шығармашылықты сүйетін, өз ісінен ләззат алатын мұғалім. Өз ісіне құштар мұғалім сипатына тоқталып, ғалымдардың зерттеулерін қарастырайық.

Әдебиетке шолу. Мұғалім өз ісіне деген құштарлығын сабаққа дайындалудағы жан-жақты ізденісі, оны барынша қызықты етіп жеткізуі, басқалармен қарым-қатынасы және балалардың бойынан жаңа нәрсені табуға деген құлшынысы арқылы көрсете алады. Дене тілі осы бір құлшынысты жеткізуде өте маңызды. Нилл мен Касуэлл озат мұғалімдердің басқаларға қарағанда, сыныпқа көз тоқтатып қарайтынын және баяндамашының тыңдаушыларын өзіне тартуның белгісі саналатын басты қимылдарды қолданатынын анықтаған (Neill and Caswell, 2003: 101). Олардың айтуынша, «тиімді нәтиже көрсете алатын мұғалім көп күлімсірейді және дауыс ырғағынан әзіл лебі байқалып тұрады, олардың сабақтары көңілді өтеді. Олар тиімді нәтиже көрсете алмайтын мұғалімге қарағанда болжамдарды талқылауға көбірек уақыт жұмсайды, – деген. Мұғалімдердің балаларға деген шынайы көңілімен қызығушылығының көрінісі, мысалы, оқушыларға қатысты хоббиі, оларға деген махаббаты, үміті мен алаңдаушылығының болуы, мұғалімдерді өз ісіне деген құштарлығын оятып, сабақтарын өзекті, жағымды әрі мазмұнды етіп өткізудің түрлі жолдарын іздеуіне түрткі болатыны анық.

Үздік тәжірибе мұғалімдер оқытуды жан жақты жандандыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қашан, қалай қолдану керек екенін жақсы меңгерген. Олар сабақты қалай өрбітуге болатынын және оқушыларды бақылай отырып, қай уақытта қысқаша, қай уақытта бүге-шігесіне дейін түсіндіру қажет екенін біледі. Сонымен

қатар олар балалардың оқу материалына сабақтың басында және соңында мұқият ден қоятынын білгендіктен, соны ұтымды пайдалануға тырысады. Зерттеулер көрсеткендей, оқушылар оқу шыңында тұрғанда ми «прайм-таймда» жұмыс істейді, ал миға демалыс қажет болғанда «даун-таймға» ауысады (Sousa, 2003: 125).

Қалыпты 40 минуттық сабақтың 30 минуты прайм-тайм болса, 10 минуты даун-тайм болады. Әдеттегі үлгі мынадай: сабақтың алғашқы 20 минуты прайм-тайм болады, сосын 10 минуттық даун-таймнан кейін тағы 10 минуттық прайм-тайм жалғасады. Сабақтың ұзақтығына байланысты тепе-теңдік өзгеріп отырады, сабақ неғұрлым ұзақ болған сайын, прайм-таймның үлесі қысқарады. Мұғалімдер үшін оқуды барынша тиімді ету үшін ұзақ сессияларды кішігірім блоктарға бөлу қажет, тапсырмалар да әртүрлі болуы керек (Cohen et al., 2004: 39). Яғни, әр сабақты тиімді бөлімдерге бөлу, әр бөлімге түрлі тапсырмалар, ойын түрінде, логикалық, шығармашылық тапсырмалар ұйымдастыру арқылы «прайм-таймда» уақыттарын көбейту көзделеді. Дегенмен сабақтың барлық уақытында оқушыларды оқу шыңында ұстап тұру мүмкін емес, сондықтан миға қажетті демалысты сергіту ойындарымен, түрлі жаттығулармен ұштастыру сатақтағы «даун-таймға» тез оралуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сыныптан жаратылыстану пәнін оқыту арқылы, оқушылар бізді қоршаған әлемнің күрделі де, көп қырлы сырларын, сонымен қатар табиғаттағы әр түрлі құбылыстар және үдерістер өзара тығыз байланыста болатынын, тірі және өлі табиғаттағы табиғи құбылыстарды және үрдістерді танып біле бастайды (Бигазина және т.б., 2016: 12).

Сондай-ақ, жаратылыстану бағытындағы білім адамның көптеген күнделікті істейтін іс-әрекет түрлері үшін маңызды болады. Пәнді оқу қоршаған әлемнің әр түрлі құбылыстары мен нысандары жөнінде бастапқы білімнің жинақталуына, күнделікті өмірде әр түрлі практикалық, зерттеушілік әрекеттер арқылы игерілген білімнің өзара байланысын түсінуді қалыптастырады.

Жаратылыстануды оқыту балалардың білгісі келген сұрақтарын және табиғи қызығушылығына негізделуі керек. Балалардың көбі зерттеу жүргізгенді және ғалым сияқты жұмыс істеуді ұнатады (Sewell, 2006: 163). Кішкентай балалар нағыз ғалымдарша әрекет етуге еліктейді, мысалы, олар өзіне ненің белгілі екенін, ненің әлі де анықтауды талап ететінін және өзін қызықтырған нәрсені қалай зерттеуге болатынын жақсы біледі (Lunn, 2006: 93). Дегенмен мұғалімнің қолдауы, нұсқаулары арқылы бастауыш сынып оқушыларына жаратылыстану сабақтарында зерттеушілік дағдыларын, бақылау жұмыстарын жүргізуге бейімділігін арттыру көзделеді.

Бастауыш мектептегі жаратылыстану пәні оқушыларды ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктердің дамуына бағыттайды. Атап айтқанда негізгі анықталатын мәселе, қоятын сұрақтарды дұрыс құра білу, зерттеу жұмысына жоспар дайындау, түрлі бақылау жұмыстарын жасау, эксперименттер

жүргізу, жүргізілген жұмыстар нәтижесі арқылы қорытынды жасау, яғни бағалау, сипаттама беру, пайымдау.

Сыныпта зерттеу жүргізіп жатқан балалардың батып кеткен, не жүзіп жүрген нарселерді көргенде, жәндіктерді бақылағанда, өсімдіктерге су құйғанда, шырағданның қалай жұмыс істейтінін көру үшін оны бөлшектегенде, өз автомобильдерінің қаншалықты ұзақ жүргенін көрген сәтіне куә болған кез келген адам олардың қаншалықты әсер алатынын айтады. Бұл «практикалық» элемент ғылыми-зерттеу айналымының негізі болып саналады және және оқытудың конструктивісті әдіснамасын басшылыққа алады (Maddern, 2012: 123). Жаратылыстану «Заттар және олардың қасиеті» бөлімінде қандай заттар суға батады, ал қандай заттар суға батпайтынына балалар тәжірибе арқылы көз жеткізеді. Мысалы ағаш, қағаз, пластик заттар суға батпайды, ал темір, тас, топырақ кесегі суға бататынын тәжірибеден көре алады.

Сонымен қатар БАҚ хабарламаларындағы, интернет желілеріндегі түрлі ғылыми әдебиеттерден жаратылыстану бағытындағы ақпараттарды анықтап, олармен жұмыс жасау, яғни іздеу әдістерін игереді, табылған ақпараттың мағыналық негізін айқындап, ақпараттың дұрыстығын бағалайды.

Балаларға ғылымның этикалық жағы туралы ойлануға көп мүмкіндік беріледі, айталық кит аулауға қатысты этика, адам мүддесі үшін жануарлармен тәжірибе жасау және жануарлар етін жеу соның мысалы (Henry, 2012: 67). Сыныпта жануарларды пайдаланудың (шығын, денсаулыққа зиян келтіру және мораль негізінде) азаюы балалар арасында, жалпы қоғамда пікірталас тууына тағы бір себеп тудырып отыр. Сениор және басқалар жануарларды сыныпқа әкелуге шектеу қою, осы құнды әрі ынталандырушы ресурсты төмендетіп алмау керек екенін білдіреді.

«Мұғалімдер оқу бағдарламасын ысырып қойып, ойын арқылы оқытуды ерте балалық шақпен шектеп тастайды. Ғылыми ізденістің барлық деңгейінде зерттеу ойыны маңызды қызмет атқарады» деп атап көрсетеді Рассел Григг. Жаратылыстану пәнінің үздік мұғалімдері пәнді оқушылардың күнделікті өмірімен байланыстырып, қызықты материалдар арқылы ынталандырады. Балаларды жастайынан жауаптарын байптап түсіндіруге және айтатан ойын дәлелдеуге үйрете алады (Рассел, 2020: 246).

Адамдар ғылыммен, саясатпен, өнермен т.б. осы сияқты рухани және саяси мәселелермен айналысу үшін оларда көтеріңкі көңіл күй, денсаулық, жан-дүниесі рухани бай болуы қажет. Қолайлы жағдайда өмір сүру үшін адам еңбек етеді және өзінің өмірін ұйымдастыра білуі, қажетті материалдық игіліктерді өндірумен, өңдеумен айналысуы қажет.

Бастауыш сыныптан жаратылыстану ғылымдарын оқыту арқылы, оқушыларда табиғи байлықтың мәнін түсініп, оны орынымен, үнемдеп, тиімді пайдалану мүмкіндігі, икемділігі, шеберлігі, бейімділігі білім мен біліктілік арқылы қалыптаса бастайды. Қоршаған ортадағы әр затты, құбылысты байқау,

бағдарлап қарау, олардың түр-түсін, пішінін сезіну арқылы қасиеттерін байқау, айқындай түсу – мұның бәрі бірден пайда болатын икемдік пен іскерліктер емес.

Жаратылыстану пәндерін жақсы оқыту оқушылардың жоспарлауға, талқылауға, болжауға, ой бөлісуге, сұрақ қоюға және қорытынды жасауына мүмкіндік беру керек. Локсей және басқалар (Loxley et al., 2013) оқиға баяндау тәсілінің бір бөлігі ретінде тақырыптық жұмбақтарды шешу үшін ғылыми идеяларды пайдалануды насихаттайды. Ол үшін қызығушылықты оятатын қолайлы контекст пен «құс неге қауырсындарын шоқыды?» деген сияқты «ілімек» керек – деп көрсеткен. Сонда оқушылар жаратылыстану сабақтарында ойлау, тұжырымдау және қорытынды жасауға дағдыланады. Ой тастайтын, қызықты сұрақтар қойып, әр балаланың ой-пікірін тындап, оны дәлелдеуге мүмкіндік беру керек, алайда сабақ барысында ондай мүмкіндіктер бола бермейді.

Бастауыш сыныпта жаратылыстануды оқыту үдерісінде оқушылар саналы түрде білім мен біліктерді меңгеруі үшін пәннің оқу-әдістемелік кешенін қолдануға, өздігінен оқуды, жоба дайындауды, зерттеу әрекеттерін меңгертуге, дербестігін жетілдіруге бағыттайды. Қазіргі кезеңде оқушылардың өз бетімен білімді игеруіне белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі. Белсенді оқытуда ғылыми ізденістің барлық деңгейінде зерттеу ойыны маңызды қызмет атқарады.

Математикадағыдай жаратылыстану пәнінің үздік мұғалімдері пәнді оқушылардың күнделікті өмірімен байланыстырып, қызықты материалдар арқылы ынталандырады. Primary Science Reviews журналының редакциялық алқасы ғылыми зерттеу жүргізуге қызықтыратын әрі ынталандыратын «Топ-20» іс-шараны жариялады, олар: бақбақ парашюттар, кабырғаға көгерген нан жабыстыру, «Special K» үлпегінен темірді табу, қағаз қыстырғышымен арбайтын жылан (PSR, 2007: 143). Мұғалімдер балаларды жастайынан жауаптарын байыппен түсіндіруге және айтатын ойын дәлелдеуге үйрете алады.

Оқу үдерісінде білімді игертуде оқушылардың белсенділігін арттыруда түрлі ойын элементтерін кеңінен қолдану қолайлы болып келеді. Сабаққа қойылған оқу мақсаттары ойын элементтерін пайдалану кезінде сәйкесінше мақсаттарды көздеуі негізгі талап. Сабақтағы ойындар арқылы нәтижелерге қол жеткізу жоспарланады. Оқыту әрекетінде оқушылар белгіленген ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойынның құралы болады. Мысалы «Ой қозғау» сұрақтар қою, «Алфавиттік сөздер желісі» – сөздің айяқталған әріпінен сөз бастап айту, «РАФТ», яғни рөл, аудитория, форма, тақырып, «Сәйкессізді анықта» «Ыстық орындық» (Құдабекова, 2013: 49) ойындары оқушылар үшін қызық және сабақ мақсатына оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Нәтиже мен талқылау. Сабақтағы ойын оқушылардың ақыл-ойын дамытып, танымын, түсініктерін жетілдіреді. Сабақтағы оқу мақсаттарына қол жеткізу, алған білімді бекіту үшін, қажетті әдетпен дағдыны қалыптастыру кезінде

еске түсіру, қайталау, жаттығу жасау кезінде сабақтағы ойын элементтерін кеңінен қолдану қажет.

Сабақ барысында ойын ұйымдастырудағы негізгі мақсат – оқушының тануға, ізденуге бейімділігі және сыныптастарымен, ересектермен қарым-қатнас кезінде қажетті дағдыларды, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. Ойын іс-әрекетін ұйымдастыруда сүйенетін жағдайлар:

1. Ойын түрлеріне оқытуды байланыстырып қызықты, жеңіл тапсырмалар арқылы оқу тәрбие әрекетіне көшу.
2. Ойынның шарты мен оқу міндеттерінің күрделенуі.
3. Тапсырмаларды шешу арқылы оқушының ақыл-ой белсенділігін арттыру.
4. Жаратылыстану пәнін оқытуда ойын элементтерін қолданудың маңызы.
5. Оқытуда ойын элементтерін қолдану оқушылардың қоршаған әлем туралы түсінігін нақтылайды.
6. Әрбір қолданылған ойын іс-әрекеттері оқушыларды ойнай білуге баулып, сөздік қорын арттырады, ақыл-ойын дамытады.
7. Сабақтағы ойынның адамгершілікке тәрбиелеуде маңызы зор.
8. Сабақтағы ойын ережелерін балаларда ұстамдылық, тәрбиелілік қасиеттерін дамытады.

Бастауыш сынып оқушылары жас ерекшелігіне қарай сабақтағы ойын әрекеттеріне қатысуға аса ынталы болады.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бірінші сынып оқушыларын жаратылыс ғылымы әлемімен ойындар және қызықты түрлі зерттеулер арқылы таныса бастайды. Мысалы қарапайым эксперимент жүргізу арқылы «Қозғалыс траекториясы» терминімен таныстыруға болады: ойыншық көліктер, металл шарлар құм салынған ыдыс үстінде қозғалыс кезінде із қалдырады. Осы із қозғалыстың траекториясы болатыны оңай және түсінікті түрде беріледі. Осылайша, бастауыш сынып оқушылары ойын ойнай отырып, траектория жайлы түсінік алады. Сондай-ақ «Тыңайтқыштар» жөнінде түсініктерін дамыту кезінде «Гүлдерге қамқорлық жасау» сабақ тақырыбы бойынша өсімдіктерге қамқорлық жасаудың қарапайым жолдарын үйрету көзделген. Оқушылар өсімдіктің жақсы өсуі үшін, оның топырағына қоректік заттардың қажет екені туралы түсінеді. Жасалған қарапайым эксперименттер балалардың бойында алғашқы зерттеу машығын, өзіндік ойлауын, бақылауын дамытады.

«Адам» бөлімінде, бірінші сыныпта адамның өсуі мен дамуы үшін қажетті жағдайларды анықтау мақсатына қол жеткізу үшін рөлдік ойын ұйымдастырған тиімді, онда ойын үшін азық-түлік дүкенін ұйымдастырып. Оқушыларға «азық-түлікке» дүкенінен пайдалы тағамдарды алып келуін тапсырамыз. Олардың таңдауын сынып оқушыларымен бірге талқылап, алып келген азық-түліктің пайдалысын және зияндысын анықтайды.

Сабақтың әр кезеңінде ойын әрекеттерін ұйымдастыру тиімділігін арттыру үшін, ойынды ойнатудағы міндет пен мақсат анық болуы керек, оны қолданудың теориясын, тәжірибесін мұғалім жетік меңгеруі, ұйымдастыру шеберлігі, қажетті материалдарды алдын-ала дайындауы қажет.

Сабақтарда ойын элементтерін қолдану арқылы, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған түрлі тапсырмаларды қолданса, пәнге деген қызығушылығын арттыра түсетіні сөзсіз. Ой әрекеті барысында адам қоршаған ортаны танып білу үшін ерекше айқын қызмет орындайды. Бұл нақты қызметті талдау, біріктіру, салыстыру, нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асады. Ойын барысында кез келген затты талдап, ұқсастығымен айырмашылығын анықтап өздігінен ой түйіндеп шешім қабылдап, қадағалап қорытынды жасауына көп септігін тигізеді.

Ойын іс-әрекеттері арқылы алған білімдерін бір жүйеге кетіруде де ойынның маңызы зор. Мысалы: жаратылыстану пәнінен төмендегі логикалық тапсырмалар ұсынылды: 1 сынып «Заттар және олардың қасиеттері» тақырыбында: берілген заттардың өасиеттері жөнінде балалар білгендерін ортаға салады.

1) Парта (ағаштан жасалған, отқа жанады, қатты күшпен әсер етсе сынады).

2. Кітап (қағаздан жасалған, қайшымен қырқуға болады, отқа жанады, суды өзіне сіңіреді). Терезе (түссіз, мөлдір, сынғыш, ауа, су өткізбейді) т.с.с.

Дидактикалық ойын. «Жалқы және жалпы», Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Мұғалім балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өгінеді. Мысалы: сағат біреу-кітаптар көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. т.б.

Жаратылыстану пәнінен «Тірі табиғат» бөлімі «жануарлар – тірі ағзалар» сабағында суреттер мен сөздерді сәйкестендіру ойынын жүргізуге болады. Алдын ала дайындалған суреттер мен сөздерді араластырып, оқушыларға жұптастыру тапсырылады. Мысалы: Адамдар жануарлардан не алады?

Түйе суретіне «Шұбат»

Жылқы суретіне «Қымыз»

Сыыр суретіне «Айран»

Тауық суретіне «Жұмыртқа» сөздерін сәйкестендіру керек.

Оқушыны ойната отырып, ұйымдастырылған оқу әс-әрекетінде қолданылған ойын элементтерінің кез келгені арқылы сабақтың мазмұнына сәйкестендіре отырып, алға қойған оқу мақсаттарына қол жеткізуге болады. Жүйелі қолданылған ойындар арқылы ұйымдастырылған сабаққа оқушылар қызыға түседі, материалды тез игереді, сыныптағы оқушылар бір бірімен қарым-қатнас жасайды, теориялық мәліметті іс жүзінде қолдана білуге жаттығады. Сабақта ойын элементтерін қолдануда шығармашылық тапсырмалар, кеңінен қолданыс табады. Алайда шетелдік ғалымдардың зерттеуінше шығармашылық тек ерекше дамыған адамдарға ғана тән деген көз қарас бар. Мұғалім шығармашылыққа қатысты біраз мифтен арылғаны жөн. Шығармашылықты ерекше қабілетті, талантты адамдарға

ғана тән деп шектеуге болмайды. Ол өнермен шектелмеуге тиіс. Сонымен қатар шығармашылық «өзін-өзі көрсету» де емес. Бұл мифтер-дің кері ықпал ететіні соншалық, балалар оқуды қойып, оқшауланып, өмір бойы бос сенделіп, өз құқығын қорғаудан қалуы мүмкін. Мысалы, Англиядағы ересектердің төрттен бірі математикадан 10 жасар баланың деңгейін көрсетеді (Ramesh, 2013: 93). Ересектердің көпшілігі сандардың сиқырын көрмейді, өйткені олар да балалар секілді мектептің жалаң жаттауға негізделген ережелеріне шырмалған. Алайда математикада шығармашылыққа толы пән бола алады. Кейбір мұғалімдер оқу бағдарламасының шеңберінен шығып, балаларға заттардың санын, пішінімен заңдылықтарын зерттеуді үйрету арқылы математикаға деген сүйіспеншілігін оятады. Олар математиканы шығармашылықпен оқыту әрі пәннің өзектілігін көрсету үшін балалардың дене мүшелерін, ойыншықтарды, үстел ойындарын, серуенге, саяхатқа шығуды, драмаларды, спортты, арнайы жобаларды, зерттеулерді, табиғи орта мен технологияларды қолданады. Демек кез келген жаратылыстану пәндерін түрлі технологиялар қолданып, мұғалім өз шығармашылығын жетілдіріп қана қоймай оқушылардың ойлау белсенділіктерін, сабаққа қызығушылықтарын арттыра алады.

Қорытынды. Қорыта келе «Жаратылыстану» пәні арқылы айнала жаратылыс және табиғат туралы балаларда білім қалыптастасады. Мұнда оқушыларға «табиғат – адам» арасында диалектикалық бірлікті жүйе екендігін, осы жүйені құрайтын әр компоненттің ерекшеліктері мен қасиеттерін, орнын танып білу мүмкіндігі қарастырылады.

«Мектептеріміз балалардың өздері ойлағаннан да жоғары жетістікке жете алу үшін, өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе білуге үйрету арқылы әлеуметтік мобильділіктің қозғаушы күшіне айналуы қажет» деп Гоув (Бартлетт және Бертон, 2020: 221) айтқандай, бүгінгі күні мектептегі оқу мазмұны мен мақсаты, оқыту мен тәрбиелеудің жұмыс түрлерін ұштастырып, одан әрі жетілдіруді, өмірмен байланыстыруды міндеттеп отыр. Бұл міндет сабақ барысында тиімді әдістерді кеңінен қолдануды талап етеді.

Сабақтағы ойындар – балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет, ойындар балалардың таным белсендігін жандандаратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдерінің бірі. Олар кез келген оқу материалдарын қызықты да тартымды етіп, балалардың көңіл күйін көтеріп, қызығушылығын арттырады.

Оқу сапасын, оқушылардың танымдық-шығармашылық белсенділігін, логикалық және абстрактылы ойлауын дамыту мақсаттарында сабақта ойындарды пайдалану оның уақыт талабына сай түрлерінің жаңаруымен баса назар аудартады.

Жаратылыстану сабақтарында ойындар жүйелі қолданылып, оқушылардың жас ерекшелігіне, материал мазмұнына сәйкес іріктелініп алынса, оқушылардың байқампаздығы, пәнге деген қызығушылығы, абстрактылы ойлауы дамиды.

Сабақтардағы ойындар оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады, олардың ойлау қабілеттерін, ізденімпаздылығын арттырады, сөз қорын молайтуға көмектеседі, сабақта ойындарды пайдалану мектеп оқушыларын сол пәнге белсенділігін арттырады, бағдарламалық материалдарды қажет деңгейде меңгеруге ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Бартлетт С., Д. Бертоу. (2020). Білім берудегі зерттеулер. – Нұр-Сұлтан: – 221 б.

Бигазина П.К., Бигазина П.К., Жаманкулова А.Ж., Кажекенова Э.А., Тураканова Г.А., Хонтай М. (2016). «Жаратылыстану» оқу бағдарламасы (1-4 сынып). –Астана: – 12 б.

Cohen, L., Manion, L. and Morrison, K. (2004). A Guide to Teaching Practice. London: Routledge Falmer.

Henry, J. (2012) Sir Jim Rose criticises children's authors in phonics row, The Telegraph 17 June

Lunn, S. (2006) Working like real scientists, Primary Science Review, 94. Sept/Oct: 4-7.

Loxley, P., Dawes, L., Nicholls, L. and Dore, B. (2013) Teaching Primary Science: Promoting Enjoyment and Developing Understanding, London: Routledge

Maddern, K. (2012) Fractions and division predict maths success, Times Educational Supplement, 17 August

Neill, S. and Caswell, C. (2003). Body Language for Competent Teachers, London: Routledge.

Құдабекова С. (2013). Сындарлы оқыту – сапалы білім бастауы. Алматы: – 49 б.

Құрманалина Ш.Х., Б.Ж.Мұханова, Ә.У.Ғалымова, Р.К. Ильясова. (2007). Педагогика. – Алматы. – 324 б.

Primary Science Reviews PSR, 2007: 143. Sept/ Oct: 4-7.

Рассел Григ. (2020). Бастауыш мектеп мұғалімі. – Нұр-Сұлтан: – 264 б.

Ramesh, R. (2013) 'England's young people near bottom of global league table for basic skills', The Guardian, 8 October.

Sousa, D. (2003). The Leadership Brain: How to Lead Today's Schools More Effectively, Thousand Oaks, CA: Corwin Press. P. 125.

Sewell, T. (2006). Bleck Masculinities and Schooling. Stoke-on-Trend: Trendham. P. 163.

References

Bartlett S., Berton D. (2020). Bilim berudegi zertteuler [Research in education]. Nur-Sultan: P. 221.

Bigazina P.K., Bgazina P.K., Jamankulova A.J., Kajekenova E.A., Turakanova G.A., Hontay M. (2016). «Jaratylystanu» oqu bagdarlamasy (1-4 synyp) [“Natural Science” curriculum. (1-4 class)]. Astana. P. 12.

Cohen, L., Manion, L. and Morrison, K. (2004). *A Guide to Teaching Practice*. London: Routledge Falmer.

Henry, J. (2012). Sir Jim Rose criticises children's authors in phonics row, *The Telegraph* 17 June

Lunn, S. (2006). Working like real scientists, *Primary Science Review*, 94. Sept/Oct: 4-7.

Loxley, P., Dawes, L., Nicholls, L. and Dore, B. (2013) *Teaching Primary Science: Promoting Enjoyment and Developing Understanding*, London: Routledge

Maddern, K. (2012) Fractions and division predict maths success, *Times Educational Supplement*, 17 August.

Neill, S. and Caswell, C. (2003) *Body Language for Competent Teachers*, London: Routledge.

Qurmanalina Sh.H., B.J.Muhanova, Á.Ý.Áalymova, R.K. Ilásova. (2007). *Pedagogika [Education]*. Almaty. P. 324.

Qudabekova S. (2013). Syndarly okytu-sapaly bilim bastau [Critical learning is the beginning of quality education]. Almaty. P. 49.

Primary Science Reviews PSR, 2007: 143. Sept/ Oct: 4-7.

Rassel Grig. (2020). Bastauysh mektep mugalimi [Primary school teacher]. *Nur-Sultan*. P. 264.

Ramesh, R. (2013) ‘England’s young people near bottom of global league table for basic skills’, *The Guardian*, 8 October.

Sousa, D. (2003) *The Leadership Brain: How to Lead Today’s Schools More Effectively*, Thousand Oaks, CA: Corwin Press.

Sewell, T. (2006). *Bleck Masculinities and Schooling*. Stoke-on-Trend: Trendham.

АКЫНОВА ЛАЗЗАТ АЙТЖАНОВНА

к.б.н., старший преподаватель, Южно-Казахстанский Педагогический университет
Шымкент/Казахстан. e-mail: lyazzat_akynova@mail.ru

ДОСКАРАЕВА ГАУХАР МУКТАРОВНА

Магистр, преподаватель, Южно-Казахстанский Педагогический университет
Шымкент/Казахстан.

ЕЛМУРАТОВА АЯУЛЫМ СЕРИКОВНА

Магистр, преподаватель, Южно-Казахстанский Педагогический университет
Шымкент/Казахстан

Использование элементов игры на уроках природоохранения в начальной школе

Аннотация. В статье описывается значимость предмета «Естествознание» в развитии научных знаний у учеников начальной школы. «Естествознание» формирует у детей научное понимание мира, готовность к усвоению сложных терминов и служит основой понимания таких предметов, как «Физика», «Химия», «Биология», «География». Расширяет научные представления о предметах бытия, различных явлениях окружающей среды, неживой и живой природе, экологических проблемах. Знания естественно-научного направления важны для многих повседневных видов деятельности человека. Уроки естествознания способствуют формированию знаний и умения, способности понимать сущность проблемы использования природных богатств с пользой, экономно и эффективно. В процессе обучения естествознанию в начальной школе проявляется методический потенциал предмета в аспекте осознанного усвоения учащимися знаний, овладение приемами учебной, проектной, исследовательской деятельности, развитие самостоятельности. На современном этапе организация активной деятельности учащихся по самостоятельному усвоению знаний является одним из основных требований к учебному процессу. В этом отношении немаловажную роль играет использование игры. Реализация обучения при этом имеет целевую установку на определенный результат. В учебной деятельности учащиеся подчиняются установленным правилам игры, учебный материал усваивается посредством игровых элементов.

Ключевые слова: начальная школа, предмет естествознания, человек, природа, методы обучения, элементы игры.

АКЫНОВА ЛЯЗЗАТ АИТЖАНОВНА

Candidate of biological sciences, Senior lecturer, South Kazakhstan State Pedagogical University. Shymkent/Kazakhstan. e-mail: lyazzat_akynova@mail.ru

DOSKARAYEVA GAUKHAR MUKTAROVNA

Master's degree, Teacher, South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent/Kazakhstan.

ELMURATOVA AIAULYM SERIKOVNA

Master's degree, Teacher, South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent/Kazakhstan.

Use of game elements in primary school nature lessons

Abstract. The article describes the necessity and importance of teaching natural science in primary school. The natural science subject forms students' scientific understanding of the world of being, readiness for the assimilation of complex terms and gives rise to the subjects "Physics", "Chemistry", "Biology", "Geography". Scientific ideas about the objects of existence, various environmental phenomena, inanimate and living nature, environmental problems are developing. Knowledge of natural science is important for many everyday human activities. Students develop knowledge and skills, the ability to understand the essence of natural wealth and use it usefully, economically and efficiently. In the process of teaching natural science in elementary school, he orients students to use the methodological potential of the subject for the conscious assimilation of knowledge and skills, mastering the techniques of educational, project, research activities, the development of independence. At the present stage, the organization of students' active activity for independent learning is one of the main requirements for the educational process. The use of game elements in the assimilation of knowledge in the educational process is the most favorable in increasing the activity of students. The lesson sets a specific educational goal in the use of game elements. It is planned to achieve a certain result through the game. In educational activities, students obey the established rules of the game, the educational material is a means of playing.

Keywords: elementary school, natural science subject, man, nature, teaching methods, game elements.